

**"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 534 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 25 маусымдағы № 212 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 26 шілдеде № 23705 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қызметтік куәлікті беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 534 бұйрығының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14693 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Персоналды дамыту басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрі*

*Н. Ногаев*